



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№36 (1993) 20 ҚАЗАН 2025 ЖЫЛ

Ұлттық мереке – Республика күні құтты болсын!

Жаңа тарихтың бастауы

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және білім алушы жастары!

Сіздерді ұлт тарихындағы маңызды мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақстанның тарихи таңдауын айқындаған Егемендік декларациясы – елдігіміздің берік тұғыры. Онда мемлекетіміздің аумақтық тұтастығының мызғымастығы, халқымыздың жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуға ұмтылысы және азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетіні нақты көрініс тапқан», – деп атап өткен болатын.

Аталған маңызды құжат еліміздің тәуелсіздік жолындағы шешуші қадамы, мемлекетіміздің жаңа тарихының бастауына негіз болды. Бұл күн халқымыздың сан ғасырлық арман-мұратын жүзеге асырып, егемендікке, дербес даму мен жарқын болашағына жол ашты. Бүгінгі таңда Қазақстан – саяси тұрақтылығы мен экономикалық әлеуеті артқан, халықара-

лық беделі жоғары, өркениетті елдер қатарындағы қуатты мемлекетке айналды. Бұл – барша қазақстандықтардың бірлігі мен татулығының, еңбегі мен табандылығының, ел болашағына деген сенімінің нәтижесі.

Біз ел Президенті ұсынған әділетті Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек етіп, еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға, ұлттық құндылықтар мен заманауи өркениет жетістіктерін үйлестіре отырып, жарқын болашақ қалыптастыруға үлес қосымыз қажет. Осы жолда әрқайсымыздың міндетіміз – ғылым мен білімді дамыту, инновация мен мәдениетті өркендету, жастардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттыру арқылы ел игілігіне қызмет ету. Осы жауапты жолда сіздерге зор сенім артамын.

Ел мүддесі мен ұлт болашағы жолындағы еңбектеріңізге сәттілік пен толағай табыстар тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ұлттық Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің ректоры, PFA вице-президенті Андрей Рудской мен Қырғыз Республикасының тұңғыш президенті, Ресей ғылым академиясының академигі, профессор Асқар Ақаев жұмыс сапарымен келді.

Құрметті қонақтарды ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, шағын құрамда келіссөз жүргізді. Жүздесу барысында тараптар екі университет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, әсіресе жасанды интеллект пен ақпараттық технология саласында бірлескен зерттеулер мен жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты. Келіссөз нәтижесінде ҚазҰУ мен Санкт-Петербург политехникалық университеті білім беру мен ғылыми ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Келісім аясында тараптар суперкомпьютерді пайдалану бойынша тәжірибелерімен бөліседі. Яғни аталған саладағы мамандардың біліктілігін арттыруға арналған семинар-тренингтер өткізіледі. Бұған қосымша қолданбалы, жүйелік бағдарламаларды шешуге бағытталған жобаларды бірлесіп жүргізеді.

Кейін Андрей Рудской мен Асқар Ақаев ҚазҰУ ұжымы-

ҚазҰУ суперкомпьютерін игеру бойынша келісім жасалды



мен кездесу өткізді. Шараға білім ордасының оқытушылары, ғалымдары, магистранттар мен докторанттар жиналды.

Кездесуді оқу ордасының

басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, бүгінгі шара екі университеттің байланысын нығайтуға септігін тигізетінін жеткізді.

Жалғасы 2-бетте

ЖИ бағытында ортақ жобалар жүзеге асады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Сона Ахмадимен келіссөз жүргізді.

Жансейіт Түймебаев құрметті консулдың жаңа қызметіне сәттілік тілеп, ҚазҰУ-дың соңғы жетістіктерін таныстырды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Иран университеттерімен серіктестікті одан әрі да-

мытуға ниетті. Оқу ордасында Иранның тарихы мен мәдениетін зерттеп жүрген ғалымдар жетерлік. Осы орайда, болашақта екі елге ортақ ғылыми еңбектер мен кітаптар шығару маңызды деп санаймын. Сонымен қатар Иранның

кітапханалары мен мұрағаттарында қазақ тарихына қатысты мол ақпарат сақталған. ҚазҰУ-дағы парсы тілі мамандарын Иранға жіберіп, осы мәліметтерді жинақтау жұмыстарында консулдық қолдауыңызға үміт артамыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Сона Ахмади ілтипат білдіргені үшін ризашылығын жеткізіп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ


2-бет

Түрколог
ғалымдармен
кездесу



4-бет

Егемендік туралы
декларация қалай
қабылданды?



6-бет

АЭС-тің
артықшылығы
көп



Соңы. Басы 1-бетте

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры Асқар Ақаев университетке төртінші мәрте келіп отыр. Сондай-ақ Санкт-Петербург политехникалық университетінің ректоры Андрей Рудскойдың ҚазҰУ-ға жасаған жұмыс сапары біз үшін өте маңызды. Санкт-Петербург политехникалық университетінен үш Нобель сыйлығының иегері шыққан. Бұл – үлкен жетістік. Алдағы уақытта екі ЖОО-ның ғалымдары бірлесіп жұмыс істеп, жоғары нәтижелерге қол жеткізеді деп сенемін», – деді ректор.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев Ғылыми кеңестің шешімімен Андрей Рудскойға «ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде табыстады.

Өз кезегінде Андрей Рудской ілтипат білдіргені үшін ризашылығын жеткізді.

«Қазақ жеріне келгенім үшін өзімді бақытты санаймын. Өйткені мен Қазақстанда тудым. Сондықтан бұл сапардың мен үшін орны бөлек. ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуетімен және тарихымен таныстым. Университетті үлкен болашақ күтіп тұр, мен оған кәміл сенемін. Жансейіт Қансейітұлымен кездесуде жоғары оқу орындары арасындағы байланысты дамытуға бағытталған бірқатар мәселелерді талқыладық. Алдағы уа-



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев түрколог ғалымдарды қабылдады.

Кездесуге Түркиядағы Мугла Сыткы Кочман университетінің доценті, ф.ғ.д. Кенан Коч, Түркия ғылымдар академиясының профессоры Анар Тургай, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессорлары Мағрипа Ескеева мен Гүлғайша Сағидолда қатысты.

Тараптар түркология ғылымын дамыту, ортақ зерттеу жобаларын іске асыру және бірлесіп кітап шығару мәселелерін талқылады.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға университетте түркология ғылымын зерттеу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелерін таныстырды. ҚазҰУ-да Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты ашылып, қазіргі таңда ауқымды жобаларды жүзеге асыруда. Осы тұрғыда ректор екі елдің ғылыми және білім беру институттары арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға арналған нақты жоспарлар мен жобаларды іске асыру қажет екенін жеткізді.



ҚазҰУ суперкомпьютерін игеру бойынша келісім жасалды

қытта ҚазҰУ-дың инженерлік ғылым бағытындағы 10 студенті Ресейде тағылымдамадан өтетін болады», – деді Андрей Рудской.

Сондай-ақ жүздесуде Асқар Ақаев сөз сөйлеп, жасанды интеллектің даму үрдістері

мен оның қоғам мен ғылымға ықпалы туралы өз пікірін білдірді. Ол жасанды интеллект саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтіп, Қазақстан мен көрші елдердің ғалымдары арасында тәжірибе алмасу арқылы осы бағытта бірлескен ірі жобаларды жүзеге асыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Кездесуден соң құрметті қонақтар үшін арнайы кампустур ұйымдастырылып, университеттің ғылыми инфрақұрылымы таныстырылды.

Айта кетейік, осы күндері Ресей ғылым академиясының академигі, профессор Асқар Ақаев ҚазҰУ ұжымы мен студенттері үшін көшбасшылық дәріс өткізді.

Түрколог ғалымдармен кездесу



Өз кезегінде түрколог ғалымдар кездесуде айтылған ұсынысты қолдап, аталған бастамаларды атқаруда қос мемлекеттегі университеттер мен институттардың ресурсы мен мол әлеуеті жететінін айтты.

Кездесуде оқу ордасының

басшысы Жансейіт Түймебаев түрколог ғалымдарды «Farabi» медалімен марапаттады.

Соңында тараптар алдағы уақытта бірлескен ғылыми семинарлар, халықаралық симпозиумдар мен конференциялар ұйымдастыруға уағдаласты.

Farabi Hub инновациялық орталығында болды



Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің ректоры, РФА вице-президенті Андрей Рудской мен Ресей ғылым академиясының академигі, профессор Асқар Ақаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми инфрақұрылымымен танысты.

Оқу ордасына жұмыс сапары барысында қонақтар Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барды. Мұнда Гонконг политехникалық университетімен бірлесіп ашылған Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығының, микроспутниктер зертханасының, заманауи қолданбалы физика және жоғары технологиялар зертханасының, химия зертханасының, Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының қызметі таныстырылып, инновациялық жобалары ұсынылды.

Хабтың негізгі мақсаты – ғылыми әзірлемелер мен технологиялық идеяларды нақты экономикаға енгізуді жеделдету. Яғни хаб университеттермен және ғылыми институттармен, сондай-ақ инвестор компаниялармен әріптестік байланыс орнатады. Мұнда бірлескен зерттеулер жүргізіліп, жаңа технологиялар әзірленеді.

Кейін Андрей Рудской мен Асқар Ақаев Робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығын аралап көрді. Мұнда Германиядағы KUKA компаниясының роботтары қойылған. Аталған ғылыми орталық болашақта ғылым, білім және отандық өнеркәсіпті біріктіре отырып, Қазақстан өнеркәсібі үшін білікті кадрларды даярлау орнына айналады. Сонымен қатар құрметті меймандар «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институты мен Робототехника орталығының жұмысымен танысты. Қытайлық компаниямен бірлесіп ашылған шеберхана білім алушы жастарға цифрлық



инженерия мен өнеркәсіптік робототехниканы меңгеруге мүмкіндік береді. Мұнда студенттер өндірістің барлық процестерін сандық ортада үйренеді. Сонымен қатар өндірістегі әр кезеңді өзара байланыстыруды үйреніп, күрделі автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істеуге дағдыланады.

Университетке жұмыс сапары барысында Андрей Рудской мен Асқар Ақаевқа ҚазҰУ зерттеушілері әзірлеген «Al-Farabi 2» наноспутнигі көрсетілді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – отандық жоғары оқу орындары арасында өзінің наноспутнигін іске асырған алғашқы оқу орны. Құрметті қонақтарға Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесіп дайындалып жатқан микроспутниктің макеті көрсетілді. Ортақ жұмыс нәтижесінде қос жоғары оқу орны 2026 жылы ғарышқа микроспутник ұшыруды көздеп отыр.

Сонымен қатар Асқар Ақаев пен Андрей Рудской химия және химиялық технология факультетіне барып, ғалымдар жүзеге асырып жатқан жобалардың нәтижелерімен танысты. Ғылыми топтың экология, энергетика, химия және медицина салалары бойынша жасаған зерттеулері ерекше қызығушылық тудырды.

Жұмыс сапары барысында қонақтар университет ұжымының ғылыми әлеуетін жоғары бағалап, ҚазҰУ-дың халықаралық ғылым және инновациялар кеңістігіндегі орны нығайып келе жатқанын атап өтті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Андрей РУДСКОЙ,
ректор
Санкт-Петербургского
политехнического
университета
имени
Петра
Великого:



Могу пророчески сказать – вас ждет великое будущее!

КазНУ имени Аль-Фараби посетил ректор Санкт-Петербургского политехнического университета имени Петра Великого, вице-президент РАН Российской Федерации Андрей Рудской.

Почётного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев. В ходе встречи стороны достигли соглашения о расширении сотрудничества между университетами, с акцентом на развитие искусственного интеллекта и информационных технологий. Подписан меморандум, который обеспечивает поддержку исследовательских проектов и образовательных инициатив. Таким образом, КазНУ имени аль-Фараби и Санкт-Петербургский политехнический университет укрепляют свои связи в области науки и образования.

Андрей Рудской встретился с коллективом КазНУ, собрав преподавателей, ученых, магистрантов и докторов университета. Встречу открыл руководитель вуза Жансеит Туймебаев, который отметил, что мероприятие будет способствовать налаживанию связей между двумя университетами.

По итогам встречи ректор Жансеит Туймебаев удостоил Андрея Рудского звания «Почетный профессор КазНУ».

В ответ на это признание Андрей Рудской выразил глубокую благодарность.

Дорогие друзья, от всего сердца хочу поблагодарить вас, коллектив университета, и, конечно же, вас, уважаемый Жансеит Кансеитович Туймебаев, за столь высокую оценку моего скромного труда как в стенах родного университета, так и в рамках сотрудничества с этим великим учебным заведением, носящим имя гениального мыслителя, я осознаю всю меру ответственности, возлагаемую на мои плечи. Я стремлюсь быть достойным этой чести. Я даю слово сделать всё возможное, чтобы не обмануть ваши ожидания. Разумеется, я переполнен гордостью за новое звание, которое сегодня ощутил всем сердцем. Это звание – почётное доктора национального университета Казахстана имени

аль-Фараби, ведущего вуза Центральной Азии, — особенно значимо для меня. Этот университет — безусловный лидер среди высших учебных заведений не только в республике, но и во всей Центральной Азии. Его достижения отмечены множеством заслуженных медалей и орденов, которые по праву принадлежат этому учебному заведению. Важно, что ваш университет первым в истории лауреат премии Президента Республики Казахстан, лауреат премии Содружества Независимых Государств за достижения в области качества и сервиса образования. Университет, который занимает высокие позиции международных рейтингов. Он находится во фронтире передовых исследований и является примером. Это очень важно в любой стране иметь лидера на котором другие университеты равнялись. Но с другой стороны, я понимаю, это высочайший груз ответственности, которой лежит на плечах каждого из вас – преподавателя, сотрудника, профессора, слесаря, дворника великого ведущего университета, будьте достойными этого высокого звания. Я сегодня пройдя по кампусу вашего университета, с моим 15 летним опытом ректора, могу пророчески сказать – вас ждет великое будущее! Я в этом уверен.

Миссия, самая высочайшая профессия, которая пишется с большой буквы – это учитель. Это самое главное, потому что какой учитель, таковы и дитя. Если мы хотим, чтобы Казахстан, моя любимая, родная родина процветала ученики ваши должны быть гениальными. Поэтому желаю, чтобы каждый выпускник аль-Фараби внес достойный вклад в развитие вашего Отечества, в мировой науке и культуре.

Я хотел сказать, что рад не только чести, которой лично мне оказали и политехническому университету имени Петра Великого, представлен вашим почетным профессором, я еще рад атмосфере братского сотрудничества, теплоту общению. Хочу сказать спасибо за теплый прием и оценки моей скромной деятельности за эти годы. Сюда я ехал со светлой душой и радостью на сердце. Мне повезло, что я приехал на казахскую землю. Я родился в Казахстане. Так что эта поездка для меня особенная.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Всегда особое удовольствие доставляет возможность поздравлять на страницах нашей университетской газеты своих коллег. В этом году мы отмечаем 75-летний юбилей известного специалиста в области биохимии, молекулярной биологии и биотехнологии – профессора Богуспаева Кенже-Карим Касым-Каримовича.

вителями мировой науки. Так научное исследования по биотехнологии растений, культура изолированных пыльников и микроспор пшеницы и ячменя проводились при непосредственном участии

50 лет преданности университету

Богуспаев К.К. родился в 1950 году в Алма-Ате. После окончания в 1972 году биологического факультета Казахского государственного университета им. С.М.Кирова он начинает свою трудовую биографию в Институте ботаники АН КазССР. В том же году его отправляют для прохождения научной стажировки в Институт общей генетики АН СССР город Москву, где с 1975 по 1978 годы он продолжает свои исследования в целевой аспирантуре. В этот период им публикуются статьи в самых престижных научных биологических журналах СССР: «Биохимия», «Доклады академии наук СССР», «Молекулярная биология» которые в настоящее время индексируются во всемирных базах данных Scopus и Web of Science. По завершению аспирантуры он возвращается в Институт ботаники АН КазССР на должность младшего научного сотрудника.

Вскоре после защиты в 1982 году кандидатской диссертации «Гетерогенность и сложность поли-А содержащих информационных РНК в различных органах BosTaurus» по специальности биохимия, молодой, перспективный ученый проходит по всеобщему конкурсу на должность заведующего лабораторией «Биохимии обмена веществ растений» и вот уже более 50 лет его жизнь связана с КазНУ им. аль-Фараби.

Научные интересы профессора Богуспаева К.К. чрезвычайно широки: в 1986 году впервые в КазССР по инициативе академиков М.А.Айтхожина и И.Р.Рахимбаева в лаборатории под его руководством успешно начаты и до сих пор продолжаются работы по биотехнологии растений. В результате были созданы отечественные биотехнологии по получению линий гаплоидных растений пшеницы и ячменя, получены соматические линии для использования в селекционных программах по созданию новых сортов злаков. Полученные данные легли в основу защищенной в 2010 г. докторской диссертации по теме: «Регуляция экспрессии специфических генов эмбриогенеза в культуре генеративных клеток злаков» по специальности.

По в 90-е годы прошлого столетия по инициа-



тиве Богуспаева К.К., были начаты исследования по разработке и внедрению методов переработки промышленных, бытовых и сельскохозяйственных отходов. С тех пор и до настоящего времени одним из основных направлений научных направлений Богуспаева К.К. является разработка и внедрение инновационных технологий вермикомпостирования с целью получения вермикомпоста и жидких гуминовых биопрепаратов на его основе для восстановления химически загрязненных земель, защиты сельскохозяйственных культур от фитопатогенов, контроля численности насекомых-вредителей и получения экологически безопасной продукции. В дальнейшем под его в стране запущены несколько производственных линий по получению органического удобрения – биогумуса технология производства которого защищена 5 патентами РК. Другим основным научным направлением Богуспаева К.К. является изучение растения эндемика Казахстана каучуконоса Таусагыза (Scorzonera tausaghyz). Исследования начались в 2012 году с началом работ по восстановлению численности исчезающего вида, занесенного в Красную книгу КазССР и РК (Гранты МОН РК). В настоящее время для восстановления вида, разработана биотехнология микрорепродукции Таусагыза (получен патент), впервые в мире секвенирован транскриптом Таусагыза (данные зарегистрированы в Национальном центре биологической информации, NCBI, USA).

Конечно, эти достижения были бы невозможны без тесных научных контактов с лучшими предста-

вителими мировой науки. Большую поддержку в разработке и внедрении гаплоидной технологии ячменя внес проф. Ш.Тивари (Индия). Разработка и внедрение технологии вермикомпостирования было проведено совместно с доцентом И.Титовым (Россия), проф. Р. Домингесом (Испания). На протяжении нескольких лет проводилась совместная работа по аквакультуре и внедрению капельного орошения в Казахстане с проф. С. Аппельбаумом (Израиль). Совместные исследования, по таусагызу начиная с 2010 г. проводятся при непосредственном участии проф. В. Портного (Израиль). А начиная с 2020 анализ натурального каучука проводится при участии специалиста с мировым именем проф. К. Корниш (Огайо, США).

Богуспаев К.К. на протяжении многих лет передает свои знания и богатый практический студентам, магистрантам и докторантам. Им подготовлены и внедрены рабочие программы по дисциплинам «Постгеномная биотехнология», «Биоинформатика», «Пищевая биотехнология» и т.д. Под его руководством защищены 2 кандидатских диссертации, 1 – PhD диссертация и более 25 магистров. В настоящее время он является руководителем 2 докторантов и 4 магистров.

Коллектив кафедры биотехнологии сердечно поздравляет Карим Касымовича с юбилеем и желает ему крепкого здоровья, долгих лет жизни и новых открытий и достижений на поприще науки!

Серик МУХАМБЕТЖАНОВ,
ст. препод.
Адил ЕРЕЖЕПОВ,
доцент кафедры биотехнологии

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Еліміздің тарихында 1991 жылғы 16 желтоқсаннан бастау алатын тарихи кезең – Тәуелсіздік кезеңі деген атауға ие. Ал осы ел тәуелсіздігіне қандай құжат темірқазықтай бағыт сілтеді, ол қашан қабылданды және қандай жағдайда қабылданды деген сауалға ауыз толтырып жауап беруге болады. Құжат қабылданған 1990 жылдың 25 қазаны – тарихымызға Егемендік туралы декларация қабылданған күн немесе Республика күні, ресми мемлекеттік мереке ретінде бекітілді. Төменде осы мерекенің маңызын түсіну үшін оның қалай қабылданғанын айта кетелік.

жүре бастады. Балтық теңізінің жағалауындағы үш республика өздерінің егемендігін жарияласа, басқа республикалар осы үрдісті одан әрі жалғастырды. Олар егемендігі туралы декларацияларын жарыса жариялап жатты. 1990 жылдың қазан айына дейін тек Қазақстан мен Қырғызстан ғана әлі жариялай қойған жоқ еді.

Қазіргі кезде бүгінгі күннің тұрғысынан егемендік туралы айту оңай болғанымен, сол кездегі ел жағдайына қарасақ,

болады деп жазды. Бұл жоба, әрине, қазақ азаматтарының еркше қарсылығын туғызды.

Жоғарғы Кеңестің жұмыс тобы декларацияның негізгі жобасын дайындап, талқылауға ұсынды. Қазан айының бірінші жартысы декларация жобаларын талқылауға кетті десе болады. Сондай-ақ халық қалаулыларынан, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарынан, жекелеген азаматтардан көптеген ұсыныстар, толықтырулар, өзгерістер туралы

қабылдады. Дауыс беру қорытындысы бойынша декларацияны 261 депутат қолдап, 71 депутат қарсы дауыс береді, 2 адам қалыс қалса, 1 адам мүлде дауыс бермейді. Осылайша Қазақ КСР-і Одақ құрамындағы республикалар арасында 14-ші болып «Егемендік туралы декларациясын» жария етті.

Қабылданған Егемендік туралы декларация 17 тармақтан тұрды. Онда Қазақ мемлекеттілігін құруда, қоғамды қалыптастыруда жалпы адамзаттық құндылықтар мен принциптер басшылыққа алынатыны айтылды. Қазақ КСР одақтағы басқа мүшелермен ерікті түрде бірігетін және олармен келісімшарттар негізінде қатынастар жасайтын егемен ел деп жарияланды. Сондай-ақ декларацияда «Қазақстандағы биліктің қайнар бастауы және иесі – Қазақстан халқы» деп жарияланды. Сонымен бірге бұл маңызды құжатта «Қазақ КСР-нің территориясы тұтас, оған қол сұғылмайды және елдің келісімінсіз оны ешкім пайдалана алмайды» делінді.

Декларацияда мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінетіні – заң, сот және орындаушы болып бөлінетіні жария етілді. Сонымен бірге Қазақ КСР аумағында Ата заң мен ел заңдарының үстемдік құратыны, елаумағындағы ұлттық байлық республиканың дербес меншігі болатыны, халықаралық қатынастарда Қазақ КСР-і жеке субъект болатыны және ішкі саясатты өз мүддесіне сай анықтайтыны, егемендіктің басты белгілері – мемлекеттің Елтаңбасы, Туы және Әнұраны болатыны мәлімделді.

Арада 1 жыл 1,5 ай өткеннен соң Қазақстан Республикасы Егемендік туралы декларацияны негізге ала отырып, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ елінің тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Сөйтіп, Егемендік декларациясы ел тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат болып саналады. Сол себепті де осы құжат қабылданған күн – 25 қазан ел тарихындағы аса маңызды тарихи күн болды және ұлттық мереке – Республика күні болып саналады.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасында Республика күніне арналған «Менің Қазақстаным!» атты патриоттық акция өтті.

Республика күніне арналған патриоттық акция

Акция Алматы қаласының жоғары сынып оқушыларына арналған Ашық есік күні және Ерлік сабағымен ашылды. Алғашқы болып шараға Әуезов ауданындағы №155 жалпы орта мектеп оқушылары қатысты.

Шараны ҚазҰУ әскери кафедрасының резервтегі полковнигі Олег Ажимов ашып, Қазақстанның ең беделді жоғары оқу орнының жетістіктеріне тоқталды. Ол университеттің ұлттық рейтингтерде көшбасшы екенін және QS WUR мен THE WUR халықаралық рейтингтеріне енгенін атап өтті.

Сонымен қатар әскери-патриоттық тәрбиенің маңызын айтып, жастарды отансүйгіштікке және тарихты білуге шақырды.

Жоғары сынып оқушылары әскери кафедраның тарихи мен қызметіне арналған видео таныстырылымды қызыға тамашалады. Тәуелсіздік жылдары әскери кафедра 16 мыңнан астам офицер мен сержант резервін даярлады.

Сондай-ақ оқушылар әскери кафедраның оқу-материалдық базасымен танысып, оқу қаруы көрмесін аралады. Құр-

өте күрделі болатын. Бір ғана мынадай фактілер сол кездегі елдегі жағдайдан хабар береді. Елімізде қазақ ұлтының үлес салмағы 40 пайыз болса, саяси орталық – Алматы қаласында ол 20 пайызға жетпейтін. Сол себепті бұл маңызды құжатты қабылдау депутаттар арасында үлкен идеялық, саяси күрес арқылы жүреді.

Негізінен алғанда, «Егемендік туралы декларацияның» үш жобасы дайындалады. Біріншісін Жоғарғы Кеңестегі «Демократиялық Қазақстан» деп аталатын қазағы бар, орысы бар, басқалары бар, орыстілді 30-дан астам мүшеден тұратын депутаттар тобы даярлайды. Олар декларация жобасын қазан айының басында мерзімді баспасөз беттерінде жариялап жібереді. Бұл жоба бойынша Қазақстанда көпұлтты этностар өмір сүріп жатқандықтан, жаңа қоғамды құру ұлттық мемлекеттілік тұжырым негізінде емес, азаматтық қоғам ұстанымы негізінде болуы қажеттігі тұжырымдалды, өйтпеген жағдайда болашақта бұл қоғамда келеңсіз жағдайларды көп туғызады делінеді. 1989 жылы қыркүйекте қабылданған «Қазақ тілі туралы» заңының болуына қарамастан, олар жасаған декларация жобасында орыс тілі ресми мемлекеттік тіл

пікірлер Жоғарғы Кеңеске түсіп жатты. Осылардың бәрін ескере келе, Жоғарғы Кеңес елімізге белгілі заңгер, академик, ұлтжанды азамат, депутат Салық Зиманов бастаған арнайы комиссия құрып, оған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, Егемендік туралы декларацияның жаңа, толық нұсқасын, басқаша айтқанда, үшінші нұсқасын жасауды тапсырады. Салық Зиманов бұған дейін академик Ж.Әбділдиннің басқаруымен Алаш арыстарын ақтаған комиссия құрамында жұмыс істеген еді. Бір аптадан астам уақыт бойы үздіксіз, үзіліссіз, тынбай жұмыс істеген С.Зиманов бастаған комиссия декларацияның соңғы жобасын Жоғарғы Кеңеске 15 қазанда ұсынды.

Он күн бойы жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүреді. Талқылау барысында ондағы әрбір бап, әрбір сөйлем ашық талқылаудан өтіп, бірден дауысқа салынып отырады. Ақыры, ұзаққа созылған талқылаудан соң, декларацияны жалпы жиналысқа шығарады. 1990 жылдың 25 қазан, жұма күні 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңесінің сессиясы «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны көпшілік дауыспен



лық әскерлерінің ПВО тренажерлік көшндерін көріп, инте-

ративті лазерлік тирде атыс жаттығуларын орындады.




Республика күніне арналған патриоттық акция аясында әскери кафедрала жоғары және төменгі сынып оқушыларына студенттік дәрістер, викториналар, тақырыптық әңгімелер, музейлерге экскурсиялар жоспарланған. Сонымен қатар шаралар барысында әскери кафедра оқытушылары мен студенттері нейрожелілер мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін де белсенді пайдалануда.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Курстық жұмыстан — халықаралық басылымға

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің 4-курс студенті Шахида Нұрмахаметова беделді халықаралық басылымда жарияланған ғылыми еңбектің бірінші авторы атанды.



армандаймын. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру үшін магистратураға құжат тапсырамын деген ойдамын», – деген Шахида өз жоспарымен бөлісті.

Зерттеу «Физика және астрономия» білім беру бағдарламасы аясында орындалды. Бақылау деректері бақылау астрономиясы саласындағы халықаралықынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде Солтүстік Каролина университеті және «Үш колледж» обсерваториясы (АҚШ), сондай-ақ В.Г.Фесенков атындағы Астрофизика институтымен (Алматы) бірлесіп алынды. Барлық есептеулер мен цифрлық модельдеулер ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетіндегі «Data Science in Astrophysics» ғылыми-зерттеу орталығының көппроцессорлы кластерінде жүргізілді.

«Біз бүгінгің өзінде-ақ студенттеріміздің әлемдік ғылымның бір бөлігіне айналып жатқанын мақтан тұтамыз. Бұл жарияланым – студенттің шынайы қызығушылығы мен табанды еңбегінің, сондай-ақ университетте қалыптасқан жоғары деңгейдегі білім беру және дамыған ғылыми ортаның көрсеткіші. Біздің студенттер ең күрделі ғылыми бағыттарды меңгеріп қана қоймай, отандық ғылымның дамуына нақты үлес қосуда. Бұл мысал қазіргі студенттерімізді де, болашақ талапкерлерді де шабыттандырады. Өйткені ҚазҰУ-дағы ғылым студенттік кезден басталып, әрбір адамға жаһандық зерттеулердің бір бөлігі болуға нақты мүмкіндік береді», – деп атап өтті физика-техникалық факультетінің деканы Нұрзада Бейсен.

Мақала Galaxies журналының арнайы Circumstellar Matter in Hot Star Systems санына енді. Жұмыстың толық мәтіні мына сілтеме бойынша қолжетімді: doi.org/10.3390/galaxies13020026

Алдияр АГИШЕВ,
зерттеуші-доцент, PhD

«Қазақ даласы ойшылдарының әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөздер антологиясы» атты ғылыми жоба аясында қазақ ғалымдарының мұрасын зерттеу бағытында маңызды іссапар жүзеге асты. Жоба жетекшісі, қауымдастырылған профессор Азамат Жамашев Малайзияның астанасы Куала-Лумпурға барып, кітапханалар қорын зерделеп, ғылыми қауымдастықпен байланыс орнатты. Іссапардың мақсаты – Малайзия мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған қазақ даласының ғұламаларына қатысты қолжазбаларды анықтап, зерттеу.

Малайзияға ғылыми іссапар



Сонымен қатар Дінтану және мәдениеттану кафедрасының 1-курс докторанты Назерке Елеусізбаева Куала-Лумпурдағы Малайя университеті Ислам зерттеулері академиясында бір айлық тағылымдамадан өтті. Тағылымдаманың мақсаты Қазақстандағы діни білім беру мен оқу-әдістемелік база бойынша диссертацияға қатысты зерттеулерді тереңдетуге, әлемдік тәжірибені көруге және ғылыми қабілетті арттыру үшін байланыстар орнатуға бағытталған еді. Шетелдік ғылыми кеңесші, тарих пен өркениет саласының маманы, қауымдастырылған профессор Айзан Али Мат Зинмен ғылыми жоспарды талқылау зерттеудің жаңа көкжиегін ашты.

Қолжазба мұрасы: Зерттеу жұмыстары барысында Малайя университетінің дерекқорымен қатар, Малайзия халықаралық ислам университетінің (IIUM) құрамындағы Халықаралық ислам ойы мен өркениеті институты – ISTAC кітапханасы арнайы қарас-

жобаларға серіктес болу жөнінде келісім жасалды.

Ғылыми әріптестік өрісі: Зерттеушілер Малайя университетінің Ислам зерттеулері академиясының (APIUM) ғалымдарымен жүздесіп, ғылыми журналдардың редакторларымен және кафедра профессорларымен пікір алмасты. Сұхбат барысында қазақ даласынан шыққан ғалымдардың еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу жайы талқыланды. Іссапар соңында Құран мен хадис кафедрасының шақыруымен «Қазақстандағы хадис ғылымының тарихы мен дамуы» тақырыбында семинар ұйымдастырылып, тың ғылыми ойлар ортаға салынды.

Сапардың басты жаңалығы – Малайзия кітапханалары қорында сақтаулы тұрған қазақ ойшылдарының мұраларын зерттеу, ғылыми айналымға енгізу. Малайзиядағы бұл зерттеу қазақ ғылымының әлемдік мұрағаттардағы ізін анықтап қана қоймай, болашақ ғылыми әріптестіктерге жол ашты.



тырылды. Мұнда барлығы 20 мыңнан астам сирек қолжазба сақталған. 2017 жылы жасалған каталогта 8216 қолжазба жүйеленген. Қорды зерделеу барысында қазақ даласынан шыққан Фарабилер, Кәрдари, Зәрнужи сынды ірі ғалымдардың еңбектеріне қатысты тың мәліметтер анықталды. Бұл деректер болашақта дайындалатын қазақ ойшылдарының антологиясына қосылады. Кітапхана мамандарымен өткен кездесулерде ортақ

Қазақстан – Малайзия серіктестігінің жаңа кезеңі

Қорытындылай келе, Малайзиядағы тағылымдама мен іссапар қазақстандық ғалымдарға тек ғылыми деректер жинауға емес, жаңа серіктестіктер құруға да жол ашты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жетістіктері таныстырылып, алдағы бірлескен зерттеулердің бағыты талқыланды.

Айнұр ҚҰРМАНАЛИЕВА,
ф.ғ.д., профессор

түзілуіне негіз болатын ауыр элементтермен жұлдызаралық ортаны байытады. HR 4049 нысанының ерекшелігі – оның қосжұлдыздық жүйенің құрамына енуінде. Бұл, мәселен, жүйені құрайтын екі жұлдыздың да параметрлерін жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Аталған зерттеу қосжұлдыздық жүйелердің кеш эволюциялық сатыларындағы құрамдас бөліктерінің өзара әрекеттесуін түсінуде жаңа белеске жол ашады.

Бұл оқиға мүлдем қарапайымнан басталды. Дипломдық жұмыстың зерттеу бөлімін жазу барысында: «Мен зерттеу нысаны бойынша жаңа бақылау де-

беделді журналда жариялау идеясы туындады. Бұл тәжірибе маған бакалавриатта жүріп-ақ күрделі ізденістерден қорықпауды және жеткен жетістіктермен шектелмеуді үйретті. Алынған нәтижелер негізінде біз жетекшімізмен және шетелдік әріптестерімізбен бірге астрофизика саласындағы жетекші, бірінші квартильді басылым – Monthly Notices of the Royal Astronomical Society (MNRAS) журналына жаңа жұмыс дайындадық. Сондай-ақ Galaxies журналының тұрақты санына тағы бір мақала және университеттің Physical Science and Technology журналына мақала әзірледік. Мен ғылымда қалуды

АЭС-тің

артықшылығы көп

Қазір елімізде энергетика саласы жақсы дамып келеді. Соның ішінде әлемде жоғары сұранысқа ие – атом энергетикасы. Атом энергетикасы – елді ұзақ онжылдықтар бойы тұрақты, экологиялық таза және қолжетімді энергиямен қамтамасыз етуге қабілетті перспективалы шешімдердің бірі бола алады. Атом энергетикасының негізі атом электр станциясы (АЭС) екенін білесіздер. Себебі АЭС басқа да электр станцияларынан бірқатар маңызды артықшылықтарға ие.



Мысалы, АЭС ауа райына қарамастан, электр энергиясын үздіксіз беруді қамтамасыз етеді. Атом электр станциялары парниктік газдарды іс жүзінде шығармайды, бұл оларды климаттың өзгеруіне қарсы күресте маңызды құрал етеді. Бүкіл әлем бойынша атом электр станцияларының ондаған жылдар бойы жұмыс істеуі 60 миллиард тоннадан астам көмірқышқыл газының шығарындыларын болдырмауға көмектесті. Электр энергиясын өндіруде көмір мен газға қарағанда отын аз мөлшерде пайдаланылады. Бұл атом энергиясын экономикалық және экологиялық тұрғыдан негізделген таңдау ретінде ерекшелендіреді.

Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда, Қазақстанда АЭС құрылысы кезеңінде 8 мыңға жуық жұмыс орны және пайдалану кезеңінде 2 мың жұмыс орны ашылады. АЭС-тің әрбір қызметкері сабақтас салаларда қосымша 10 жұмыс орнын құруды ынталандырады. Нәтижесінде атом станциялары салынатын аймақтар дамуға жаңа серпін алады.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдегі ең ірі уран қорына ие. Бұл еліміздің отын импортына тәуелді болмауға мүмкіндік береді. АЭС құрылысы энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, көрші елдерден электр энергиясын сатып алу қажеттілігін азайтады. Қазіргі заманғы үшінші буын реакторларында ерекше белсенді және пассивті қауіпсіздік жүйелері бар. Олар жер сілкінісі мен су тасқыны сияқты табиғи апаттардан, сондай-ақ қабатты қорғаныс қабықтарының арқасында ішкі апаттардан қорғалған. Сонымен қатар атом энергетикасында отынды қайта өңдеу

технологиялары енгізілуде. Бұл қалдықтардың 90 пайызға жуығын қайта пайдалануға мүмкіндік береді, радиоактивті қалдықтардың көлемін азайтады.

Атом электр станциясын салу жобасы Қазақстан үшін маңызды стратегиялық жоба. АЭС құрылысы атом энергетикасы және ядролық физика саласындағы мамандарды даярлауда ынталандыру болмақ. Қазақстанда ядролық энергетикамен байланысты білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалар жұмыс істейді. Атом саласының дамуы ғылыми жаңалықтар мен инновацияларға жаңа мүмкіндіктер бере отырып, жас ғалымдар мен студенттерді тартады.

Атом энергетикасы – бұл электр энергиясының сенімді көзі ғана емес, сонымен қатар Қазақстан үшін орнықты даму саласында көшбасшы болу мүмкіндігі. Экологиялық таза, экономикалық пайда, энергетикалық тәуелсіздік және жұмыс орындарын құру – осының бәрі атом электр станцияларын салуды елдің болашағы үшін маңызды қадамға айналдырады. Бұл жоба Қазақстанға ағымдағы энергетикалық проблемаларды шешуге және алдағы онжылдықтарда орнықты даму жолында берік негіз құруға мүмкіндік беретін прогрестің қозғаушы күші бола алады.

Айкен НҰРПЕЙІСОВ,
«Ядролық физика»
мамандығының 1-курс
докторанты

Мәулен НАСУРЛЛА,
Ядролық физика
институты Төмен
энергиялы ядролық
реакциялар зертханасының
меңгерушісі, PhD

Еліміз әлемдік уран өндірісінде жетекші орында екені белгілі. Сондықтан болашақ атом энергетикасы, соның ішінде елімізде салынатын атом электр станциясы (АЭС) үшін қауіпсіздік пен технологиялық даярлық мәселелері ерекше маңызды. Бұл бағытта уран өндіру кәсіпорындары мен жоғары оқу орындары арасындағы байланыс кәсіби мамандарды даярлаудың кепілі болып отыр. Осыған орай, ҚазҰУ оқытушыларының «Волковгеологиядағы» тағылымдамасы аясында ғылым, өндіріс және болашақ АЭС мәселесі бойынша маман даярлау барысына сай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы «Волковгеология» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп») бөлімшесінде тағылымдамадан өтті. Тағылымдамаға біз де қатыстық.

Ұлттық энергетиканың тірегі

Бағдарлама аясында ҚазҰУ оқытушылары уран өндірудің технологиялық процестерін, геологиялық барлау әдістерін зерттеп, радиациялық бақылау зертханаларында тәжірибе жинады. Олар гамма-спектрометрлерді калибрлеу, альфа және бета-белсенділікті өлшеу, су, ауа және топырақ сынамаларын талдау әдістерін меңгерді.

Бұл дағдылар тек ғылыми-зерттеу үшін ғана емес, болашақта АЭС-тің қауіпсіз жұмысы мен радиациялық бақылауды қамтамасыз етуге де шешуші рөл атқаратыны белгілі. Ғылым мен білім тоғысында алынған тәжірибе ҚазҰУ-дың білім беру процесіне енгізілмек. «Уран ісі», «Радиациялық қауіпсіздік

негіздері», «Гамма-спектрометрия», «Дозиметрия және жарықтанудан қорғау» сияқты пәндер мазмұны жаңартылып, студенттердің практикалық даярлығы артады.

Сонымен қатар тағылымдама ҚазҰУ ғалымдары мен «Волковгеология» инженер-экологтары арасындағы кәсіби байланысты нығайтып, ғылыми-зерттеу жобаларына жаңа мүмкіндіктер ашты әрі студенттердің практикалық тәжірибесі мен іс-шаралар өтуге келісімшарттар жасалуда.

Қазіргі таңда болашаққа

бағдар ретінде елімізде АЭС салу мәселесі стратегиялық маңызға ие болып отыр. Бұл тек энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету емес, сондай-ақ жоғары технологиялық ғылым мен өндірісті ұштастыруды қажет ететін мәселе. Осы тұрғыдан алғанда, ҚазҰУ оқытушыларының «Волковгеологиядағы» тағылымдамасы тек жеке кәсіби тәжірибе емес, сонымен қатар елдің ядролық энергетика саласындағы болашақ дамуына қосылған үлесі деп ойлаймыз.

Сәуле ЖАУҒАШЕВА,
Теориялық және ядролық
физика кафедрасының
доценті, ф.-м.ғ.к. PhD
Гозял САЙДУЛЛАЕВА,
аға оқытушы

Экология мен салауатты өмір салтын ұштастырды

Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде Түркітану және тіл теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Түркітану» мамандығының 1-курс студенттері арасында ерекше мазмұнды іс-шара – Эко-спорт күні өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттырумен қатар, экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғаудың маңызын дәріптеу. Қазіргі қоғамда экология мәселесі күн тәртібінен түспей тұрғаны белгілі. Сондықтан бұл шара білім ордасындағы жастардың салауатты өмір салтын табиғатты аялау мәдениетімен үйлестірген маңызды қадам болды.

Эко-спорт күні бағдарламасы мазмұнға бай әрі қызықты өтті. Студенттер табиғат аясында велошеру ұйымдастырып, таза ауада сергиді. Жүгіру марафоны олардың төзімділігін сынап, спорттық жігерін арттырды. Сонымен қатар ашық алаңдағы жаттығулар жастардың денсаулығын нығайтуға бағытталды. Ал ерекше мәнге ие болған «Zero Plastic Day» акциясы бір күн бойы пластик заттарды қолданбауға шақы-



рып, экологиялық жауапкершіліктің нақты үлгісін көрсетті.

Шара барысында студенттер тек спортпен шектелмей, ұйымшылдық пен ынтымақтастық танытты. Бір-біріне қолдау білдіріп, ортақ мақсат жолында біріге әрекет етті. Бұл жас буынның ұжымдық рухын арттырып, достық қарым-қатынастарын нығайта түскен сәттердің бірі болды.

Студенттердің көңіл күйлері көтеріңкі, белсенділіктері жоғары болды. Олар табиғат аясында сергіп қана қоймай, экологиялық ойлау мәдениетіне бойлап, табиғатты қорғаудың әр адам үшін жеке жауапкершілік екенін ұғынды.

Факультет пен кафедра ұжымы студенттердің осындай бастамаларға белсенді арала-

суын әрдайым қолдап келеді. Мұндай іс-шаралар жастардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, экологиялық сананы тәрбиелеудің тиімді құралы.

Эко-спорт күні тек бір күндік мереке емес, студенттер үшін өмірлік тәжірибе, болашақта табиғатты қорғау бағытындағы жаңа жобаларға серпін беретін бастама болды. Университет қабырғасынан басталған осындай игі қадамдар жас буынды экологиялық мәдениеті жоғары, жауапты азамат етіп қалыптастыруға ықпал етеді.

Эко-спорт күні спорт пен экологияны тоғыстырған ерекше жоба ретінде есте қалды. Жас түркітанушылардың белсенділігі олардың алдағы уақытта да қоғамның дамуына, табиғатты қорғау ісіне өз үлестерін қосатынына сенім ұялатады. Бұл бастама болашақ ұрпақ үшін жасалған жарқын үлгі болды.

Қанат ӘШІРҚҰЛОВ,
Түркітану және тіл
теориясы кафедрасының
аға адвайзері



Al-Farabi Kazakh National University

as a Hub for Promoting the 17 Sustainable Development Goals



In 2015, the United Nations General Assembly adopted 17 Sustainable Development Goals (SDGs) as a blueprint for achieving a better and more sustainable future for all. These goals are holistic in nature, covering three essential dimensions of human life: economic, social, and environmental development. Thanks to their broad scope, the SDGs have gained immense popularity both internationally and intergovernmentally, and among university student community.

We are proud that Al-Farabi Kazakh National University (Al-Farabi KazNU) is a leader in promoting green initiatives. Al-Farabi KazNU became the first university in the country and the region to join the United Nations Academic Impact (UNAI) program. It actively participated in international consultations on the action program for the UN RIO+20 global forum, where it was one of the initiators of a separate panel on education for sustainable development with the participation of universities from Asia, Europe, and Latin America. Al-Farabi KazNU was one of the first to sign the RIO+20 Declaration of Universities on the Promotion of Sustainable Development and successfully hosted the Third Forum of Asian Universities "Eurasian Diversity and the Role of Universities in Sustainable Development" as part of the Seventh Astana Economic Forum.

A vivid example of the implementation of the Sustainable Development Goals is the educational events organized by students and teaching staff at Al-Farabi Kazakh National University. Philological faculty lecturers have developed a program including organization of conferences, round table discussions, social campaigns and other events within the framework of Sustainable Development Goals. Many of these events involve collaboration with scientists and students from other countries and universities and they are conducted both offline and online. For instance, in September 2025 the teaching staff of the Faculty of Philology hosted a few events within the framework of

SDG 5: Quality Education, SDG 6: Clean water and sanitation and SDG 2: Zero Hunger. Some of these events were held as charity campaigns, conferences, round table discussions, clean-up days. During these events the lecturers of the Faculty of Philology who were the main organizers explained the students the significance of this international program aimed at solving urgent problems in the important spheres of human's life.

All the educational activities held within SDG were focused on instilling environmental consciousness, responsible attitude to studies, patriotism, humanism and moral values in the students whose main function will be make our country prosperous and economically -developed. As an example of SDG educational events can serve the regular charity fairs organized by the bachelor's degree students of the Faculty of Philology aimed at raising funds for low-income families and the victims of natural disasters. Another example can be clean-up days organized by Al-Farabi KazNU administration to maintain the university campus clean. For instance, on September 20, 2025 all the lecturers and the students took part in the university -wide clean-up day. The students were the most active participants of this event. They removed all garbage from the territory of the campus having turned into a beautiful place with a picturesque view.

The teaching staff in the Department of Foreign Languages have decided to integrate the SDGs into the foreign languages study program, using them as both teaching material and a means of developing language skills. This will provide students with a deeper understanding of global issues and challenges. The integration of materials on SDGs into the educational process can be achieved through making presentations, implementing project works, round-table discussions, as these are the active forms of learning that allows students to deepen their knowledge, fill gaps in their information, and develop discussion skills, which contributes to a more complete understanding of the material and simultaneously improving their foreign language skills.

Djamilya MAKHMETOVA,
Botagoz BEKMASHEVA,
Department of Foreign Languages

Learning a foreign language is not just about internalizing grammatical structures and developing writing, speaking and reading skills. Every lesson should unconditionally pursue educational goals aimed at developing students' moral qualities, beliefs, feelings, values and skills, as well as fostering an active lifestyle and respect for universal human values. While developmental goals focus on developing intellectual abilities, educational goals focus on shaping the character and socio-psychological qualities of the individual, such as patriotism, humanism, responsibility, discipline and communication skills.

Using Kazakh proverbs as an effective educational method in an English lesson

From this point of view proverbs and sayings hold a unique position in language education as linguistic tools that bridge culture, communication, and meaning. In this article, we propose the use of Kazakh proverbs for educational purposes. We substantiate this idea on the grounds that Kazakh proverbs can most effectively influence the minds of a Kazakh audience of students, thereby achieving the ultimate goal of raising a worthy generation of valuable contributors to society.

Before working directly with proverbs, it would be a good idea to enlighten students about the nature of proverbs by providing them with information on how they represent a synthesis of observations of society and natural phenomena. Proverbs can be characterized as a kind of law, a code that defines interpersonal relations, a covenant of ancestors, and a sort of textbook for educating generations. In the ancient Kazakh steppe, proverbs were used for ethical instruction and to disseminate philosophical ideas.

It's our idea that the first proverb that can be introduced is the proverb "Adam bol". This proverb is the fundamental tenet of the Kazakh proverbs, which passes like a "red thread" through all proverbs, serves as the primary counsel and aspiration of the Kazakhs for the younger generation.. The proverb "Adam bol!" is attributed to Abai Kunanbayev, a great Kazakh philosopher, poet, and author who believed in the worth of a man. "Adam bol!" signifies the aspiration to become a fully-fledged, virtuous individual, to pursue knowledge, to adhere to honesty and diligence, exemplifying the qualities of a commendable citizen and a valuable contributor to society.


The concept of recognizing and respecting the intrinsic value of a man and respecting him has always been of particular importance for the Kazakh mentality and the young generation of Kazakhs are constantly taught this rule. This idea is encapsulated in the Kazakh proverbs: "Omira

sholaq, adam bir birine qonaq" (Men are each other's guests) and "Adamnyng omiri qamshynyng sabyndai qysqa" (Man's life is as short as a whip handle). The proverb "Bireuding ala zhibin at-tama, ar-namysyn taptama" (Don't step over a white and black rope, don't trample your and other's honor and dignity) is a powerful and meaningful warning against inflicting harm upon others. In Kazakh culture, the 'white and black rope' symbolizes destiny made up of good and evil, representing the duality of human existence. The integration of proverbs into language lessons can be achieved through various strategies: translation of the proverbs, making up a story, a dialogue using proverbs, write a collective essay on the topic of a proverb, create a situation from an illustration that would confirm the given proverb, etc.

Svetlana MULDAALIYEVA,
Ayana JANUZAKOVA,
Department of Foreign Languages

Al-Farabi Sports Talents

This concluding article is about al-Farabi University's sporting talents, and is the third in a series of articles published in previous issues.



Maria Yudakova,
Master of Sports in ski jumping

Maria Yudakova holds the title a Master of Sports in ski jumping and is a member of the national team of Kazakhstan. Maria is optimistic and ambitious about her future – she's planning to continue performing on the international stage in the world's largest competitions. Her goal is to prove that Kazakhstani athletes are capable of the highest achievements and she has no doubt that, with hard work and faith in herself, she will be able to achieve everything she's striving for.

Angelina Romanovskaya is another accomplished young athlete – Master of Sports of the Republic of Kazakhstan in table tennis and a member of the na-



Angelina Romanovskaya,
Master of Sports in table tennis

tional team of Kazakhstan. She has been involved in sports since the age of 6 when her mother, a table tennis coach from Ekibastuz, introduced her to sport. Since then, Angelina has achieved great success as a table tennis player. She is a champion of Kazakhstan in tennis (doubles), and a bronze medalist (singles), as well as the champion of the Youth Championship of Kazakhstan. In January 2024, she had the honor of representing Kazakhstan at the World Championships in Korea. Also, in October 2024 she participated in the Asian Championship in Astana. Now she strives to win the license of the 2028 Los Angeles Olympic Games.

Ksenia Nesterova – Master of Sports – a volleyball player. Ksenia is a four-time champion of Kazakhstan, a multiple prize-



Ksenia Nesterova,
Master of Sports – a volleyball player

winner of the Kazakhstan Championship, a bronze medalist of the Summer Sports Games, as well as a multiple champion of the region and various tournaments.

Erdaulet Makhazhanov has been involved in sports for 10 years and for the first two years he was doing boxing. He later switched to heavyweight lifting which he enjoys. Erdaulet is thinking of switching to bodybuilding, as he likes a good challenge and his strengths are self-discipline, systematic hard work and perseverance. Erdaulet says that he's going to give it his best effort however hard it might be. We praise them for their hard work and dedication and wish them best of luck in their professional career and their studies!

Farida MUKAZHANOVA

Университеттің ғылыми инфрақұрылымымен танысты



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.